



Армысың, Әз Наурыз!



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№7 (1833)
19 наурыз
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Наурыз – жаңару мен жаңғырудың бастауы



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!

Баршаңызды Түркі әлеміне ортақ халқымыздың ең Ұлық мерекесі, жыл басы – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Биылғы Наурыз ортамызға тың бастамалар, жағымды жаңалықтармен келіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдау жариялап, ел алдына биік мақсаттар қойды.

Тәуелсіз мемлекетіміз үлкен өзгерістерге бетбұрыс жасады. Ел Президенті халыққа жолдауында: «Біз кез келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың күшқуатын бірге арттырамыз деп сенемін. Ең бастысы – еліміздің егемендігі. Шын мәнінде біз үшін Қазақстанның тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Қастерлі Отанымыздың тұғырымығым, абыройы биік болсын!» – деп айрықша атап өтті.

Наурыз – жасампаздық жаршысы, жаңару мен жаңғырудың бастауы. Келешегіміздің жарқын болуы үшін әрқайсымыз оң өзгерістерді өзімізден бастауымыз керек. Заман талабына лайық жастарға сапалы білім беріп, озық ғылымды игеру – біздің басты міндетіміз. Көшбасшы университетіміздің туын биік көтеріп, аты мен беделіне сай адал қызмет атқаруға тиіспіз.

Елімізде орын алған қаңтар оқиғасы мен әлемдегі сын-қатерлер бізді бұрынғыдан да сергек қимылдауға шақырады. Біз адам баласын ізгілік пен сыйластыққа тәрбиелейтін ізгі құндылықтарымызды жастарымыздың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.

Ұлттық келбетіміздің, тамыры терең дәстүр-салтымыз бен азат рухымыздың нышанына айналған Наурыз мерекесі баршамызға мол қуаныш, зор бақыт әкелсін. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

**Құрметпен
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауын ел азаматтары айрықша күтті. Өйткені бұл шын мәнінде әдеттегі жолдаудан мәні айрықша, жаңа Қазақстанды дамытудың алғышарты мен саяси реформалардың жаңа бағдарламасы айқындалатын маңызды сәт еді.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жаңа қоғамға жүйелі бетбұрыс

Әрине, тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстанның қол жеткізген табыстарын тарихтан сызып тастауға болмас. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың басқаруымен әлем алдында орныққан мемлекетке айналдық. Алайда азаттығымыздан айырылып қалу бір-ақ сәтте мүмкін екеніне көз жеткіздік. Ел басына күн туғанда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жігерлі шешімдер қабылдап, халқымызды тар жол, тайғақ кешуден алып шықты.

Жалғасы 2-бетте



ҚазҰУ ректоры II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды

Наурыз мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.



Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевқа II дәрежелі «Барыс» ордені берілді. Ол – белгілі мемлекет қайраткері, отансүйгіш азамат,

жауапты мемлекеттік қызметтерді 30 жыл бойы абыроймен атқарып келе жатыр. Бүгінде отандық білім мен ғылымды дамытуға белсенді түрде атсалысуда.

Жоғары мемлекеттік наградаларға елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі, азаматтарды қорғауда және құтқаруда көрсеткен жеке жанқиярлығы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көрсеткен көмегі үшін еліміздің бір топ азаматы ие болды.



Ахмад Мұхаммед Бахгат ГЕМЕЛЬ:

ҚазҰУ түлектері таптырмас маман болары сөзсіз

4



Қарағай мен қараағаш қалдығы көдеге жарайды

5



Мирболат СИХОВ:

Актuariйларды біздің университет қана даярлайды

6

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Жаңа қоғамға жүйелі бетбұрыс

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қаңтар оқиғасы барлығымыз үшін үлкен сабақ болды. Тәуелсіздігімізді сақтап, мемлекетімізді нығайту үшін етек-жеңімізді жинап, өте қырағы болуымыз керектігі кезекті рет айқын білінді. Өкінішке қарай, дүрбелең кезінде көптеген отандастарымыз, оның ішінде өрімдей жастарымыз мерт болды. Президент өз жолдауында қаңтар құрбандарын еске алып, тексеру жұмыстары қарқынды жалғасын жатқанына тоқталды. Қайғылы оқиғаға кінәлі адамдардың барлығы қоғамда қандай дауазым мен беделге ие екеніне қарамастан, жазаланатынын кесіп айтты.

Тәуелсіздігіміздің талбесігі – әсем Алматыны, облыс орталықтарын ойрандағысы келген, бейбіт күндердің шырқын бұзып, халықтың өмірін қиған бүлікшілер тиісті жазасын аларына сенеміз. Мемлекет басшысы ендігі жерде қаңтар қасіреті қайталанбауы үшін жаңа Қазақстанды құру жолында алдымызға биік мақсаттар қойды. Президент ол үшін қоғам сұранысына сай әзірленген еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды.

Ең алдымен еліміз суперпрезиденттік басқару формасынан мықты Парламенті бар президенттік республикаға көшеді. Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, Парламенттің рөлі күшейіп, бұл өз кезегінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты басшылыққа алынады.

Қоғамның, елдің өзгеруіне саяси жүйе бейімделе бастайды. Президенттің бірқатар өкілеттігі қысқарады. «Қазір бізде барлығы Президентке келіп тіреледі. Бұл дұрыс емес. Біргінен бұдан бас тартуымыз қажет. Мен үшін мемлекеттің ұзақ мерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ», – деді Президент.

Мемлекет басшысы Президенттің партия мүшесі болуын заңды тұрғыдан тоқтатуды ұсынды. Сондай-ақ ол әкімдердің партия филиалдарын басқаруды шектеу керектігін тапсырды. «Әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында қызмет атқаруға заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпполярлы партиялық жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Президенттің жақын туыстарының лауазымына басшылыққа тағайындалуына заңмен тыйым салынатынына да тоқталды. «Мемлекет басшысы барлық азаматтар үшін мүмкіндіктер теңдігінің мызғымас кепілі болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстары үшін квазимемлекеттік сектордағы саяси мемлекеттік қызметшілер мен басшылар лауазымдарына орналасуға заңнамалық тыйым енгізілетін болады», – деді.

Ал халықтың сенім мандатына ие болған депутаттар өз мін-

детіне жауапкершілікпен қарап, мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысады. Бұдан былай сайлау алдындағы уәдесін орындамаған депутатты кері қайтаруға болады. Президент Мәжіліс пен мәслихатқа депутаттардың пропорционалды-мажоритарлы сайлау моделі бойынша сайланатынын жеткізді. Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталып, азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала бермек. Бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға жол ашады. Бұл өз кезегінде азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, елімізді жаңғыру үдерісіне жұмылдыра түспек.

Президент тарапынан партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту де көзделіп отыр. Партияларды тіркеу ережелері жеңілдеп, бастамашыл азаматтар саяси бәсекеге түсе алады. Нәтижесінде халықтың сөзін сөйлеп, мұның жоқтайтын жаңа партиялар қатары көбеймек. Сайлау үдерісі жаңарып, үміткерлерді іріктеу рәсімдері жетілдіріледі.

Президент ұсынып отырған реформалардың негізгі өзегі – шынайы құқықтық, демократиялық мемлекет құру жолында қордаланған мәселелердің шешімін табу. Бүгінде Мемлекет басшысы осыған дейін уәде еткен саяси және құқықтық реформалардың кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқанына куә болып отырмыз. Ата заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ететін Конституциялық сот құру туралы ұсыныс осы бағытта жасалған маңызды қадам болмақ. «Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ институтоналдық тұрғыдан тепеңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса, азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсарту туседі», – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажеттігін айтты. «Барлық деңгейдегі соттар шын мәнінде тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Жоғарыда айтылған реформалар толыққанды жүзеге асырылады деуге негіз бар. Себебі жолдауда халық пен билік арасында екіжақты тиімді диалог ұйымдастыру жолдары қарастырылған. Бәсекеге қабілетті бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтық қоғам институттарының жұмысын жетілдіру соның айғағы. Дамыған елдерге тән үдеріс саналатын бұл қағидалар жаңа Қазақстанды құру үшін аса маңызды. Сондықтан Мемлекет басшысы: «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қа-



ғидат қазір кез келген өркеніетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған тікелей байланысты», – деп атап өтті.

Осы орайда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Президент жолдауында қамтылған мәселелердің іске асуына зор үлес қоспақ. Өйткені білім мен ғылымның қара шаңырағы саналатын ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде болашақ ақпарат саласының мамандары даярланады. Факультет шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнатқан. Соның арқасында студенттер объективті және оперативті ақпарат тарату заманауи тәсілдерін меңгеріп шығады. Сондықтан ҚазҰУ білікті кадрлар даярлау арқылы Мемлекет басшысы ұсынған ашық ақпараттық кеңістік қалыптастыруға өз үлесін қоспақ. Өйткені Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, «Тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес. Сондықтан мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдісін ескере отырып, БАҚ туралы заңды қайта қарау керек».

Жолдауда айтылған кешенді іс-шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асырылу арқылы азаматтық қоғам қалыптастырудың алғышартына айналмақ. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын жүзеге асыру мақсатында құрылған Ұлттық кеңес соның бір дәлелі. Осы орайда, Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз міндетін табысты атқарғанын айта келе, енді оның орнына құрамы жағынан ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынды. Жаңа құрылым Ұлттық кеңестің қызметін жалпыхалықтық деңгейде жалғастырады деп ойлаймыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жанару мен жаңғыру жолы» атты жолдауының ерекше бір тұсы әкімшілік-аумақтық құрылымға арналды. Шыны керек, бұл өзгерісті қоғам көп күтті. Әу баста бюджет қаржысын үнемдеу, елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін жетілдіру бағытында қысқартылған аудандар мен облыстар уақыт өте келе шығынға бата бастады. Бұл жайында кезінде БАҚ-та түрлі зерттеу, талдау ма-

қалалары жарияланды. Күнделікті тіршілікте түрлі қиындықтармен бетпе-бет келген жергілікті жердің тұрғындары өз өтініштері мен тілектерін әкімдерге, халық қалаулыларына жеткізіп жүрді. Бұл мәселенің нақты нәтижесі Мемлекет басшысының жолдауында айқын көрінді. Президент әкімшілік-аумақтық құрылым өзгерістерінің аса толғақты мәселе екеніне тоқтала келе, «Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынамын. Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері көтеріп жүргені білемін. Қазір өңірде шешім таппаған түйткілдер аз емес. Мысалы, аймақтың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы маз емес. Біз әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өңірді қайта жаңғыртуға тиіспіз», – деді.

Шынында да, соңғы жылдары Семей өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы құлдырағанын білеміз. Бұл аймақта басқа өңірлермен салыстырғанда жұмыссыздық саны, жалақы мөлшері республикалық көрсеткіштен көп төмен. Ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығы мен астық, көкөніс және т.б. салаларды жетілдіруге тиімді аумақ болғанымен, өңірдің экономикалық әлеуеті толық игерілмегенін бәріміз көріп отырмыз. Кезінде Семейдің ет комбинаттарының, тігін фабрикаларының атағы жер жаратын еді. Соларды қайта жаңғырту – Үкімет пен жергілікті биліктің міндеті.

Сондай-ақ жолдауда бұрынғы Жезқазған облысы аумағында Ұлытау облысын құру қажеттігі айтылды. «Жезқазған қайтадан облыс орталығы болады. Бұл өңірде тәуелсіз аймақ құру тек экономикалық емес, сонымен бірге рухани тұрғыда маңызды шешім болмақ», – деді Президент.

Расында да, Ұлытау – тарихи өлке. Ынтымақ пен бірліктің бастауы. Кезінде үш жүздің басын қосқан киелі мекен. Қойнауы тұнып тұрған шежіре. Отандық туризмді дамытып, қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бар. Бір ғана мысал, Жезқазған мен Қарағанды қалаларының арасы 500 шақырым. Облыс орталығына қатынау үшін Жезқазған қаласы маңындағылар осыншама жер жүріп келеді. Бұл, бір жағынан, адамның уақытын алса, екінші жағынан, үлкен шығын. Үшіншіден, облыстардың қайта-

дан ашылуы өңірдің тыныс-тіршілігіне қан жүгіртеді. Жастардың жергілікті жерде білім алуына, жұмысқа орналасуына жағдай туғызады. Кәсіпорындар ашылады, шағын және орта бизнес қанат жаяды. Сайып келгенде, халықтың жақсы өмір сүруіне мүмкіншілік туады.

Осы орайда, Президент кезіндегі Оңтүстік Қазақстан облысын мысалға алды. «Қазір Шымкент шаһары республикалық маңызы бар қалаға айналды. Ал облыс орталығының Түркістан жеріне қоныс аударуы дұрыс шешім болғанына көзіміз жетті. Өйткені бұл бастаманы ең бастысы облыс тұрғындары қолдады», – деп пайымдады.

Осы күні халық саны 2 038 934-ке (2019 жылғы мәлімет) жетіп қалған Алматы облысының әкімшілік аумағын қайта құру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі еді. Мұны да Мемлекет басшысы дер кезінде қолға алды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қос палата депутаттары алдында: «Алматы облысының агломерациясында түйінді мәселе жетіп-артылады. Осы және өзге де мәселелерді ескере отырып, Алматы облысын екі аймаққа бөлуді ұсынамын. Бұл өңірде Жетісу және Алматы облысы құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағай қаласына шоғырлануы керек. Ал Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында орналасуға тиіс. Қапшағай қаласына Д.Қонаевтың атын беруді ұсынамын», – деген ойын ортаға тастады.

Облыс аумағында 17 аудан және Қапшағай, Талдықорған, Текелі сынды үш қала барын білеміз. Осындай үлкен облысты екі әкімшілік аумаққа бөлу өте орынды шешім.

Қалай болғанда да, елдің болашағы үшін үлкен қадамдар жасалды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Қазір заман басқа, ел-жұрты бос, көлгір сөзбен алдай алмайсың. Біз бүгінгі аталған реформаларды елге жағу үшін жасамаймыз. Елдің болашағы үшін, тәуелсіздігімізді тірегі үшін жасаймыз», – деді.

Президент, бұған қоса, жолдауда өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қарау жөн екенін жеткізді.

Экономикалық қиындықтардың алдын алу үшін дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар қабылдауды күн тәртібіне қойды.

Қорыта айтқанда, биылғы наурыз жолдауы нақты ұсыныс пен биік мақсаттар жолдауы болды. Мемлекет басшысы қоғам алдында тұрған басты мәселелерді айқындап берді. Біз өз тарапымыздан елдің келешегі үшін қуатты, жаңа Қазақстанды қалыптастырып, жаңғырту мақсатында жастарды сапалы білім мен ғылымға тарту жұмыстарын жалғастыра береміз. Өйткені Президент атап өткендей, «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Біз келешегіміз кемел боларына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз».

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Саяси реформалар 5.0: сарапшылар көзқарасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған танымал ғалымдар мен сарапшылар, саясаттанушылар, оқытушы-профессорлар және білім алушы жастар қатысып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауын талқылады.

Саясаттанушылар Президент жолдауын талқылады



Шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының Алматы қаласындағы өкілдігімен бірлесе ұйымдастырды.

ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев қатысушыларға арнап сөз сөйлеп, белсенділік үшін алғыс білдірді.

Жиынға «Альтернатива» өзекті зерттеулер орталығының директоры А.Чеботарев, «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының президенті Г.Ілеуова, Саяси зерттеулер қауымдастығының президенті Е.Алияров, ЖСДП партиясы төрағасының орынбасары А.Алибаев, ҚР БҒМ ҒК ФСДИ саяси зерттеулер орталығының директоры А.Амребаев, саясаттанушы, DKU профессоры Р.Бурнашев, саясаттанушы, халықаралық журналист, «Мир Евразии» (ҚР) қоғамдық қорының президенті Э.Полетаев, саясаттанушы, қоғам қайраткері, тәуелсіз сарапшы М.Шибуттов шақырылды.

Спикерлер Президент айтқан маңызды өзгерістер қоғамның және Қазақстандағы демократиялық жаңғыруға ықпал етуі тиіс «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының сұраныстарына қаншалықты жауап беретіні туралы пікірлерімен бөлісті.

Саяси зерттеулер қауымдастығының президенті Алияр Есенжолов қазіргі уақытта жаңа Қазақстанның құрылысы емес, оны жаңғырту жүріп жатқанын айтты.

Жолдауды талқылауға қатысушылар белсенді атсалысып, өз ойларын, сыни пікір мен ұсыныстылектерін де жеткізді. Сөз соңында алдағы реформалар оптимизмді оятатыны атап өтіліп, мемлекеттік машина тетіктері қозғалысқа келгені, демек, оң өзгерістерге үміттен аламыз деген қорытынды жасалды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев білім және ғылым интеграциясы жобасы аясында ғылыми-зерттеу институттарының басшыларымен кездесті.

Ғылыми ұйымдармен байланыс артады



Жүздесуге ҚазҰУ-мен келісімшартқа қол қойған 19 ҒЗИ директорлары қатысты. Негізгі мақсат – білім беру мен ғылыми әлеуетті нығайту.

Өз кезегінде Жансейіт Қансейітұлы ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп атқаратын негізгі бағыттарына тоқталды.

«Біз сіздермен бір ай бұрын білім мен ғылымды интеграциялау мәселелері бойынша келісімге қол қойған болатынбыз. Алдағы уақытта университет пен ғылыми институттардың бірлесіп атқаратын жұмысы жетерлік. Біздің ынтымақтастығымыз келесі бағыттарда жүзеге асырылатын болады:

- бакалавриат, магистратура және докторантурада мультидисциплинарлық білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- ғылыми мектептерді дамыту және интеграциялық ғылыми жобаларды іске асыру;
- мемлекеттік дамудың басым міндеттерін ғылыми сүйемдеу мақсатында жаңа зерттеу топтарын құру;
- әлемдік жетекші ғылыми-зертханалық кешендер

базасында халықаралық ұйымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу аясын кеңейту», – деді оқу ордасының басшысы.

Кездесуде онлайн форматта Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының орынбасары Ержан Әмірбекұлы сөз сөйледі. «Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ынтымақтастығы нәтижесінде Білім және ғылым министрлігі 500-ден астам білім беру бағдарламасын әзірлеуді жоспарлап отыр. Бұл ғылыми-зерттеу нәтижелерін білім беру

бағдарламаларында пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ студенттермен соңғы ғылыми жетістіктермен бөлісу

басшылары сөз сөйлеп, өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Өз кезегінде Зоология институтының директоры Роман



мақсатында ғылыми-зерттеу институттарының 300-ден астам ғалымы жоғары оқу орындарында дәріс оқу, сабақ беру, ғылыми жұмыстар мен диссертацияларға жетекшілік етіп, рецензия жазу жұмыстарына тартылады. Сонымен қатар 100-ден астам Диссертациялық кеңес құру жоспарлануда. Мәселен, бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да осындай 15-тен астам кеңес бар. Осы шаралар сапалы маман даярлауға мүмкіндік береді», – деді Ержан Әмірбекұлы.

Сондай-ақ кездесуде ғылыми-зерттеу институттарының

Яценко ҚазҰУ-да Зоология кафедрасын қайта ашу қажет екенін жеткізді. «Бізде маман жетіспеушілігі байқалады. ҚазҰУ-да Зоология кафедрасы 10 жылдан бері жоқ. Сол себептен оқу ордасында Зоология кафедрасын қайта ашуды ұсынамыз. Бұл бастама біздің бірлесіп жұмыс істеуімізге негіз болады», – деді Роман Яценко.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев факультет декандарына білім және ғылым интеграциясы жобасын жаңадандыру бойынша нақты тапсырмалар жүктеді. «Ғылыми-зерттеу институттарына арнайы барып, директорлармен өзекті мәселелерді талқылау қажет. Сондай-ақ студенттерді ғылыми ұйымдарға тәжірибе алмасу мақсатында жиі жіберіп отыру керек. Кейін олар өз білімдерін іс жүзінде қолдана алатын болады», – деді ректор.

Кездесуден соң ғылыми-зерттеу институттарының директорлары жаңарған аудиторияларды аралап, ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымымен танысты.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірқатар оқытушы-профессорлары Наурыз мерекесі қарсаңында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен мемлекеттік марапатқа ие болды.

Ғалымдарымыз мемлекеттік марапатқа ие болды



Мұқанова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Сонымен қатар ЮНЕСКО, халықаралық журналистика

және қоғамдық медиа кафедрасының профессоры, тарих ғылымының докторы Ләйла Ахметова Қазақстан Президентінің Алғыс хатын алды.

Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің 4-курс студенті, Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Абзал Әріпов, химия және химиялық технологиялар факультетінің 4-курс студенті Наргиза Қуанышбай «Шапағат» медаліне ие болды.

Барша марапат иелерін шын жүректен құттықтаймыз және шығармашылық табыс тілейміз!



Қазақстан мен Мысыр елі арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде бүгінде ҚазҰУ студенттері заманауи технология тәсілдерін халықаралық деңгейдегі ғалымдардан меңгеру үстінде. «Білім интеграциясы» аядамының бүгінгі кейіпкері – Египеттің Орталық металлургия ғылыми-зерттеу институтының ғалымы Ахмад Мұхаммед Бахгат Гемель.

Доктор Ахмад Гемель ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде «Химиялық процестерді математикалық модельдеу» пәнінен сабақ береді. Өзі «Мен инженер-механик болғандықтан, механика-математика факультетіндегі ұстаздармен жақ-

орындарында заманауи техниканың тілін білетін мамандар сұранысқа ие. Біз студенттерді AVEVA бағдарламасында әртүрлі масштабта, оның ішінде зертханалық, пилоттық және өндірістік ауқымдағы жұмыс істеуге үйретеміз. Өйткені ҚазҰУ-ды бітірген



Египет пен Қазақстан арасындағы келісім бойынша Білім және ғылым министрлігінің шақыртуымен жұмыс істеуде. «Біз шетелдік болғандықтан, бізге қандай міндет жүктесе, солай атқарып шығуға міндеттіміз», – деп күлді ол.

– Мен үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жұмыс істеу үлкен тәжірибе болды. Алғаш келгенде химия, механика-математика факультеттерінің қазіргі әсем ғимараттары болған жоқ. Қазір барлығы өзгерген. Студенттердің білім алуына

тек Бейбарыс Сұлтан ғана таныма екен. Әрине, өйткені ол империя құра алды. Дегенмен одан басқа да Қыпшақ елінен шыққан батыр қолбасшыларды біле бермейді екенсіздер. Мысалы, оның серіктесі әрі ізбасары Қалауын сұлтанды айтуға болады. Оның бір ерекшелігі – Мысырды 130 жыл билеген династия құра алуында. Себебі Египетте бір династияның тұрақты түрде бір ғасыр билеуі сирек кездесетін құбылыс. Бірақ осындай тұлғаның нәліктен қазақ жерінде көп та-

Ахмад Мұхаммед Бахгат ГЕМЕЛЬ:

ҚазҰУ түлектері таптырмас маман болары сөзсіз

сы тіл табысар едім» деп әзілдейді. Дегенмен ғалым негізінен механика саласындағы математикалық модельдеу және металдардың қысымын өңдеу бағыты бойынша жұмыс істейді.

– Бұл сала автомобиль өнеркәсібі үшін өте маңызды. Мәселен, мен Сауд Арабиясындағы алғашқы автомобиль өнеркәсібі бойынша ұлттық жобада жұмыс істедім. Оны Египет пен Сауд Арабиясы бірігіп жүзеге асырды. Ондағы менің қызметім көлік жасау барысындағы математикалық модельдеу жұмыстары болды. Ал қазіргі таңда химия факультетінің студенттеріне химиялық процестерді математикалық модельдеуді үйретемін. Біз жұмыс барысында осыған арналған AVEVA бағдарламасын (Software – ред.) қолданамыз. Бұл заманауи әдіс, дегенмен бағдарламаларды пайдаланған кезде теория мен тәжірибені қатар ұштастыру аса маңызды. Сол себепті студенттер Software жай ғана қара жәшік емесін түсініп, оның қалай жұмыс істейтінін, қалай ойланатынын білуі тиіс. Университеттің осы бағдарламаны орнатып, студенттерге үлкен мүмкіндік жасап отырғаны үшін шексіз алғыс айтамын. Өйткені бүгінде кез келген зауыттарда және өндіріс

түлектер еңбекке араласқанда бағдарлама тілін түсінсе, таптырмас маман болатыны сөзсіз, – дейді доктор Ахмад Гемель.

Ол алғаш рет Қазақстанға 2001 жылы келген. Ғалым сол кездегі жиырмаға жуық египеттік жастармен бірге оқығанын еске алды. «Екі ел арасында студент алмасу секілді мемлекеттік бағдарлама арқылы біз осы университеттің химия, биология, механика және математика, сонымен бірге физика және техникалық факультеттерінде оқыдық», – дейді мысырлық маман.

Ахмад Гемель 1988 жылы Египеттегі Ассуат университетін «Машина жасау» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2001 жылы Айн-Шамс университетінің магистранты атанып, ал 2005 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінде PhD докторы дәрежесіне ие болған.

– Соңғы рет екі-үш жыл бұрын Қазақстанға келген кезімде Египеттегі институтымыздың басшысы бізге тығыз әріптестік байланыс орнатуымыз қажет деген тапсырма берді. Маған жүктелген осы міндетті толық жүзеге асырдым деп сеніммен айта аламын. Өйткені ҚазҰУ-дан бөлек, Сәтбаев университеті және Қазақстанның металлургия институтымен тығыз жұмыс істеп келемін. Осыдан екі-үш ай алдын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев шетелдік ғалымдармен жүздесіп, көптеген ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ Жансейіт Қансейітұлы бізге ҚазҰУ шетелдік университеттермен тығыз әріптестік орнатуға мүдделі екенін білдірді. Мен сол кездесуде Египеттің Орталық металлургия ғылыми-зерттеу институты екіжақты байланыс орнатуға әзір екенін жеткіздім, – дейді Ахмад Гемель.

Мысырлық ғалым мұнда барлық жағдай жасалған. Лабораторияларда жаңа техникалар алынып, аудиториялар заманауи талапқа сай жабдықталған. Тағы бір мәселе, осында келіп, Бейбарыс Сұлтанның Қазақстаннан шыққанын білдім. Оны Египетте барлығы таниды, бірақ көпшілігі оның Қазақстаннан екенін біле бермейді. Сол секілді сіздерде де

ТӘЛІМГЕР ТУРАЛЫ ТҮЙІН

Дана ЕРСАЙЫНОВА,

«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 3-курс студенті:

– Доктор Ахмад Гемельдің сабақтары өте қызықты. алдымен біз дәріс тыңдаймыз. Дәрістер тың деректерге толы және мазмұнды. Содан кейін есептерді (тапсырмаларды) шешеміз. Әрбір тапсырма бірегей және доктор бізге мәселелерді өз тәсілдерін қолдана отырып шешуді үйретеді. Осылайша оңай шешудің жолдарын меңгереміз. Мысалдар өмірден алынғандықтан, математикалық модельдеу секілді күрделі пәнді түсіну оңайырақ болмақ. Сондай-ақ курс барысында біз болашақта практикалық есептерді шешу кезінде қажет болатын AVEVA жүйесінде жұмыс істеуді үйренеміз. Онда біз химиялық процестерді имитациялай аламыз. Біз мұндай бағдарламалармен бірінші рет жұмыс істеп жатырмыз. Доктор Ахмад Гемель мен университеттің арқасында бізге осындай барлық жаңа нәрсені үйрену мүмкіндігі берілгеніне өте қуаныштымыз.

БЕЙБАРЫС ПЕН ҚАЛАУЫН СЕКІЛДІ СҰЛТАНДАРДЫ ДҮНИЕГЕ ӘКЕЛГЕН МЕКЕНДЕ ЖҮРГЕНІМЕ МАҚТАНАМЫН ЖӘНЕ ӘРІ ҚАРАЙ ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ АРТТЫРА ТҮСЕТІН КӨПІР БОЛҒАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН.

Қуанышбек Сүлейменұлы

Ұлтын ұлықтаған ұстаз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті республикадағы жоғары оқу орындарының ішінде көшбасшысы, ғылым мен білімнің орталығы болып табылады. Осы жоғары оқу орында тарихты жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеуде республика көлемінде ғана емес, таяу шетелдерге де танымал ғалымдардың бірі, тарих ғылымының докторы, профессор Қуанышбек Қаражан.

Қуанышбек Сүлейменұлы 1968-73 жылдарда бүгінгі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.М.Киров атындағы ҚазМУ – авт.) тарих факультетінде оқыды. «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен 1970 жылы марапатталған. Қазақстан жоғары және орта оқу орындары министрлігінің жолдамасымен 1973-82 жылдары В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтында әуелі оқытушы, кейін аға

оқытушы болып жұмысын жалғастырған.

Қуанышбек Сүлейменұлы 1982-90 жылдары өзі білім алған қара шаңырағына қайтып келіп, тарих факультетінде еңбек жолын жалғастырды. Ғылымдағы және қоғамдық жұмыстағы жетістіктеріне байланысты 1984 ж. университеттің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. 1991-93 жылдары тарих факультетінің деканы қызметін атқарды.

Бүгінде Қуанышбек ағамыз Қазақстан тарихы кафедрасының беделді де құрметті профессоры. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауынан кейін Қазақстан тәуелсіздігі жарияланып, Отан тарихындағы ақтандақтарды жаңаша тұрғыдан зерттеу қолға алынды. Қазақстанда сталиндік тоталитарлық жүйенің орнығу тарихы мен оның салдарын зерттеген отандық тарихшылардың бірі профессор Қуанышбек Қаражан болды. Ұстазымыздың көпсалалы, түрлі



бағытты қамтып жариялаған 200-ден аса ғылыми еңбегі бар. Сондай-ақ ол екі монография және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған 16 оқу құралының авторы.

Ұстаздық ұлағатымен, туа бітті табиғи талантымен көптеген шәкіртінің ғалым болып қалыптасуына Қуанышбек Сүлейменұлының сіңірген еңбегі зор. Ағамыздың жетекшілігімен 14 ғылым

кандидаты, бірнеше ғылым докторы, екі PhD докторы дайындалды. Бүгінгі күнде ағамыз тәрбиелеп, білімге, ғылымға баулыған көптеген шәкірттері Сыртқы істер министрлігінде, Білім және ғылым министрлігінде, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында қызмет етеді. Оның қайсар мінезі, ұқыптылығы мен қарапайымдылығы және ғылымға деген ынтызарлығы жас мамандар үшін үлгі боларлық. Еңбек жолында қаншама қызметтер мен қоғамдық жұмыстар атқара жүріп, еліне еңбегі сіңер ізбасарлар тәрбиеленді.

Бар ғұмырын ғылым мен білімге арнаған ғалым бүгінде 75 жаста. Осы орайда, Қуанышбек Сүлейменұлының көпжылдық еңбегі бағаланып, ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін «Әл-Фараби» Күміс медалімен марапатталды. Құрметті ұстазымызды мерейтойымен және марапатымен құттықтап, отбасына бақытты ғұмыр тілейміз!

Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
доценті, тарих ғылымының
кандидаты

Кәмила ДҮЙСЕН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультеті бүгінгі таңда әлемдік инновациялық технология арасынан ойып тұрып орын алатындай бірнеше жобаны жүзеге асырып жатыр. Осы жобалар бойынша жұмыс істеп жатқан жас ғалымдардың белсенділігін, құлшынысын көргенде, шыны керек, ішің жылиды. Қазақстан ғылымының болашағына сенесің. Кейде «дәл осындай зерттеу жұмыстары шетелде жүргізілетін болса, онда оның құндылығын, тиімділігін, пайдасын байқаған инвесторлар таласа қаржы құйып, нарықта коммерциялануына күш салар еді-ау» деп те ойлайсың.

артықшылығы – экологиялық таза өнім болғандықтан, әрі арзан, әрі қолжетімділігі арқасында мінсіз деуге келеді.

КОНДЕНСАТОР МЕН АККУМУЛЯТОР ЖАСАУ МҮМКІНДІГІ

Меруерт Нәжіпқызының айтуына қарағанда, лигнинді талшықты композициялық материалдарды электроспиннинг

Бұған қоса, бұл жобада электроспиннинг арқылы олардың негізіндегі композиттер алу және қажетті ұзындықты, диаметрлі, кеуекті наноталшықтар синтезінің режимін пысықтау қарастырылады. Талшықты композициялық материалдар синтезі аясында кешенді зерттеу жүргізген кезде олардың физикалық-химиялық, яғни механикалық, каталитикалық, электрлік т.б. қасиеттерін айқындап, сонымен бірге құры-

талшықтарын алуды көздеп отыр. Шикізат ретінде ағаш қалдықтары мен жоңқасы пайдаланылады. Зерттеу жұмысы осынысымен құнды. Талшықтарды алуға әдетте полиакрилонитрил (ПАН) қолданылады. Оның бағасы өте қымбат және оны жою қосымша материалдық шығынды талап етеді. Бұрын жүргізілген зерттеулерден принципалды айырмашылығы – лигнин синтезін ағаш қалдықтарынан алып, олардың негізінде талап етілетін физикалық-химиялық қасиеттері бар құрылымдарды қалыптастыру мақсатында электроспиннинг әдісімен наноталшықтар алуға мұрындық болуда.

Сондай-ақ жоғары меншікті сипаттамалары бар суперконденсаторларға электродтар жасау ісі бойынша тәжірибелер жүргізілуде. Жобада органосольв әдісі арқылы жіктелмеген ағаш жоңқаларынан лигнин синтезделеді. Синтезделген лигнин наноталшықтар алуға пайдаланылады. Лигнинді экстракциялаудың белгілі тәсілдері және арзан электрлік формаланған талшықтарды алу тәсіліне қарағанда, лигнинді синтездеудің осы әдісі арқылы нановлшемді диаметрі бар үздіксіз талшықтар алуға жол ашылады. Демек, бұл әдіс экономикалық жағынан тиімді әрі қарапайым, оның үстіне көп уақытты қажет етпейді.

ТҮЙІН

Егер жоба жүзеге асатын болса, онда, біріншіден, түрлі функционалдық мақсаттағы жаңа өнім алу үшін электроспиннинг әдісімен талшықты композициялық материалдарды синтездеу әдісі бойынша әлемдік жоғары технологиялық нарыққа шығуға жол ашылады. Екіншіден, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға алғышарттар жасалады. Үшіншіден, зерттеу жұмысының нәтижесін механикалық, электрлік, жылуфизикалық қасиеттері жақсартылған жаңа наноматериалдар жасауға маңданған компаниялар, сондай-ақ қуат көзінің элементтерін, наноэлектронды құрылғы, биосенсорлар жасаумен айналысатын компаниялар пайдалана алады.

Биыл Меруерт Нәжіпқызы Түркияның Эскишехир техникалық университетінде нанотехнология саласы бойынша кәсіби білігін шыңдап келді. «Мемлекет жас ғалымдарды қолдап, бюджеттен миллиондаған қаржы көзін бөлуде. Шетелге шыққан жастар тағлымдамадан терең тәжірибе жинап, кәсіби машығын байытып қайтуға тиіс. Заманауи озық технологиямен танысып, зерттеу жұмысына қатысты тың жобалар мен әзірлемелердің қалай жасалып, қалай жүзеге асып жатқанын көру, көңіліңе тоқу зор мүмкіндік емес пе? Өзім тәжірибе алмасуға барғанда бар зейінім мен құлшынысымды ілім-білімге, кәсіби деңгейімді арттыруға жұмсаймын, уақытымды босқа шығындағым келмейді. Ел мен жерді тек демалыс күндері аралаймын, қалған уақытта оқу орнының ғылыми-зерттеу аумағында боламын», – дейді Меруерт Нәжіпқызы.

Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Қарағай мен қараағаш қалдығы кәдеге жарайды

Біздің елде де өндіріске еніп жатқан жобалар бар, дегенмен олар некен-саяқ екені жасырын емес. Біз «Электроспиннинг әдісімен талшықты композициялық материалдарды алу және олардың негізінде суперконденсаторлар үшін электродтар жасау» жобасының жетекшісі Меруерт Нәжіпқызын әңгімеге тарттық.

АҒАШ ҮГІНДІСІ – АРЗАН ШИКІЗАТ

Бұл жоба табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын тиімді пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен құрылымдардың басым бағыты бола алады. Жобаның идеясы – қажетті қасиеті бар электроспиннинг әдісі арқылы композициялық материалдар алу, оларды суперконденсаторларға электродтар ретінде қолдану.

–Біз алдымызға сан алуан нанобөлшектері бар қажетті ұзындықтағы, диаметрдегі және кеуекті лигнинді талшықты композициялық материалдардың синтезін дамыту және олардың негізінде суперконденсаторларға арнап меншікті сыйымдылығы жоғары электродтар жасау мақсатын қойып отырмыз. Сөйтіп, ағаш қалдықтарынан лигнинді синтездеу шарттарын зерттейміз, электроспиннинг әдісімен талшықты композициялық материалдар синтезін пысықтаймыз. Оның ішінде құрылғы жасау, полимер, еріткіш, электродтар арасындағы арақашықтықты айқындап, алынатын талшықты композициялық материалдар түрлері мен өлшеміне байланысты электрлік кернеу шамасын

таңдау және зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз», – деді Меруерт Нәжіпқызы бізбен әңгімесінде.

Әлем ғалымдары қазір кез келген полимерді қолданып, түрлі талшықтар алуда. Олар мұндай жұмысқа көбіне дайын лигнинді қолданады. Бұл қымбатқа түседі. «Біз әу баста әр алуан қалдықты кәдеге жаратуды ойладық. Қазір не көп – ағаш үгіндісі көп. Құрылыстан, жиһаз өндірісінен шыққан қалдықтың бәрі өңделіп, я болмаса қайта өңделіп жатыр деп айта алмаймыз. Сондықтан лигнинді сатып алмай, ағаш үгінділерінен алуды ойластырдық. Оған қарағай мен қарағаш үгіндісін таңдадық. Мысалы, біз өзіміздікімен құрамын, қасиетін салыстыру мақсатымен осы жобамызға пайдалану үшін дайын лигнинге де тапсырыс бердік. Оның құнын да алдын ала төлеген едік, 3-4 ай өтті, әлі қолымызға түскен жоқ. Сыртқа тапсырыс бергенбіз, Қытайдан ба, Еуропадан ба, келуі керек еді, әлі хабар жоқ. Көрдіңіз бе, дайын өнімнің өзінің келуі қиын, сондықтан болашақта оны өзіміз өндіріп жатсақ, қандай керемет», – дейді жас ғалым.

ЛИГНИН ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Лигнин – целлюлозадан кейін екінші орын алатын, күрделі үшөлшемді желілік полимер. Химиялық тұрғыдан лигнин сәйкес құрылымдағы хош иісті полимерлердің қоспасы. Ол биомасса көздерінен алынады. Лигниннің құрамы, сапасы, формуласы, химиялық және физикалық сипаттамалары биомасса көзіне тәуелді. Лигниннің



әдісімен синтездеу процесі түрлі модификацияланған және өлшемді материалдар алуға мүмкіндік береді. Наноталшықтар алу үшін әдетте негіз ретінде полимер-прекурсорлар қолданылады. «Біздің жұмысымызда қымбат тұратын полимерді алмастыратын лигнин жіктелмеген ағаш жоңқаларынан синтезделеді. Талшықты композициялық материалдар бастапқы прекурсорларға түрлі нанобөлшектерді енгізу арқылы синтезделеді. Олар алынған материалдың одан әрі қолдану саласын анықтайды (мысалы, өткізгіш материал алу үшін полимерлі жіптерге көміртекті нанотүтікшелер қосу керек және т.б.). Алынған композитті материал қажетті жағдайда өңдеуге жіберіледі. Мәселен, көміртекті немесе бейорганикалық наноталшықтар жағдайында күйдіруге жөнелтіледі», – дейді Меруерт Нәжіпқызы.

болжау жоспарланған. Алынған материалдардан талшықты композициялық материалдар және қуатты сақтайтын құрылғылар құралады. Мәселен, олардан конденсаторлар мен аккумуляторлар жасауға болады. Анығында, лигнинді наноталшықтар мен олардың негізінде композиттер алу және талшықты композициялық материалдарды синтездеу саласында кешенді зерттеулер жүргізу энергияны сақтайтын құрылғылар, конденсаторлар мен аккумуляторлар жасауға мүмкіндік береді.

ЖОБАНЫҢ ЖАҒАЛЫҒЫ

Енді осы жұмыстың жаңалығына тоқталсақ. Өйткені кез келген зерттеу жұмысы жаңалығымен ерекшеленетіні белгілі. Жас ғалымдар алғаш рет электроспиннинг тәсілі арқылы жіктелмеген ағаш жоңқасынан лигнин





Мирболат СИХОВ, физика-математика ғылымдарының докторы:

Актuariйларды біздің университет қана даярлайды

– Мирболат Бақытжанұлы, сіз біраз жылдан бері студенттерге актуарлық математикадан сабақ беріп, жаңа мамандыққа дайындап жүрісіз. Осы саланың қызметі туралы түсіндіріп берсеңіз.

– Актuariй – бұл тәуекелдерді алдын ала болжайтын, олардан келетін шығындарды бағалайтын маман. Өкінішке қарай, соңғы кездерде тәуекелдердің түрлері (мүлкті жоғалту, денсаулыққа зиян келтіретін сын-қатерлер, ипотека бойынша дефолт және т.б.) көбейіп кетті. Оларды бақылап, бағалап қана қоймай, басқару керек. Ол қалай басқарылуы тиіс? Бұл үшін білікті мамандар қажет. Біріншіден, сол тәуекелдерді бұрынғы деректердің негізінде нәтижелері арқылы қадағалап, талдап, олардың алдын алу жағын қарастыру керек. Оларды мүлде болдырмау мүмкін емес, мысалы, жол-көлік оқиғаларын болдырмаймыз деп айта алмаймыз. Бірақ соларды сараптап отырып себеп-салдарын азайту бағытында жұмыс істеуге болады.

Жалпы, қаржы нарығында, банк саласында тәуекелдерді бағалау, оны басқару бүгінде әлем бойынша үлкен мәселеге айналып отыр және осы салаларда актуарий қаржыны дамуға. Дағдарыс кезіндегі қаржы институттарының басты ұраны: тәуекелге негізделген басқару. «Актuariй» мамандығы біздің елімізге қарағанда шетелде әлдеқайда ықпалды. Мысалы, АҚШ-та бұл жұмыс ең беделді және құрметті мамандықтар рейтингін бастап тұр. Актuariй жоғары жалақы төленетін мамандықтардың бірі болып табылады. Қазір қоғамның қай саласын алып қарасаңыз да, бұл мәселе өте маңызды орын алады. Осыған байланысты Қазақстанда актуарийларды тек арнайы ашылған курстарда ғана емес, жоғары оқу орындары базасында даярлау мәселесі туындады.

– Актuariй мамандарын даярлау елімізде қашан басталды?

– Қазақстанда актуарий институтын құру туралы шешім 2000

жылдардың басында қабылданды. Актuariйлардың рөлі Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңда жазылған. Актuariйларды оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы Ұлттық банк басқармасының сол жылғы №151 қаулысымен бекітілді. Елімізде алғаш актуарлық курстарға қабылдау жарияланған кезде негізінен экономистер мен қаржыгерлерді жинады, ал математиктерді екінші кезекте қабылдады. Курстарды ҚР Ұлттық банкі және АҚШ Халықаралық даму агенттігі (USAID) ұйымдастырды. Курс ағылшын тілінде өтті, сондықтан тіл білу басты шарт болды. Нәтижесінде курсты бітірген 50 тандаушының ішінен тек 12-13 адам ғана емтихан тапсырды және олардың барлығы дерлік математиктер немесе математикалық білім базасы бар мамандар болды.

Кейінірек біз өзіміз актуарлық курстарды өткізе бастағанда негізінен математиктерді таңдайтынбыз. Мұның себебі түсінікті, актуарлық болжамдар математикалық модельдеуді талап етеді. Экономикалық мамандықтары бар барлық университеттердің әлсіз жағы – олар, өкінішке қарай, математикадағы ықтималдық теориясы, матстатистика, матанализді оқытпайды. Сондықтан олардың көптеген түлектеріне актуарий даярлайтын курстарда оқу қиынырақ. Ал жақсы актуарий болу үшін мықты математик, сарапшы және зерттеуші болу шарт.

Қазір сақтандыру нарығында лицензияланған актуарийлардың көпшілігі математика факультеттерінің түлектері. 2000 жылдардың басында қабылданған ҚР Ұлттық банкінің актуарийларды даярлаудың минималды бағдарламасы алты курс, оны бітіргендер 10 емтихан тапсырады. Оның ішінде алғашқы екі курсы базалық, қалған курстардың бағдарламалары математикалық білімді талап етеді. Барлық пәндер актуарлық есептеулермен байланысты, олардың барлығы таза математикалық есептеулерге – ықтималдық теориясына және

матстатистикаға негізделген.

– Мирболат Бақытжанұлы, жалпы, өзіңіздің еңбек жолыңыз туралы айта кетсеңіз.

– Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика-математика факультетін 1982 жылы бітіріп, 1985-88 жылдары аспирантурада оқыдым. Сол жылы кандидаттық диссертация қорғадым. 1988 жылдың қазан айынан бастап ҚазМУ-дың Математикалық талдау, функционалдық талдау және ықтималдықтар теориясы кафедрасының ассистенті, аға мұғалімі, доценті болдым. 2012 жылдан бастап Іргелі математика кафедрасының профессоры міндетін атқарушы болып істеймін. Докторлық диссертациямды 2010 жылы «Әртүрлі метрикадағы көпөлшемді жуықтау теориясының кейбір есептері» тақырыбында Қазан (Приволжье) федералдық университетінің диссертациялық кеңесінде қорғадым. «Сақтандыру тәуекелдер бағалау жүйесін экономикалық-математикалық үлгілеу» тақырыбы бойынша 2013-15 жылдардағы және «Колмогоровтың алғы көлденең қимасы» тақырыбы бойынша 2012-14 жылдардағы гранттық ғылыми-зерттеу жобаларының ғылыми жетекшісімін. «Математика», «Математикалық компьютерлік модельдеу», «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарына «Математикалық талдау», «Актuariйлық математика» пәнінен орыс және қазақ тілдерінде лекция оқимын, магистратура, PhD докторантура бағдарламалары бойынша арнайы курстар өткіземін.

Ал актуарий саласындағы жұмысымды Қазақстанда алғаш құрылған актуарлық орталықтан бастадым. Одан бергі уақытта актуарлық мамандығы бойынша көптеген компанияларда істедім. Соңғы жылдары, қазірге дейін Лондон – Алматы сақтандыру компаниясында актуарлық бөлім бастығы қызметін атқарамын. Мен бұл курстарды Қазақстанда ғана емес, Қырғыз Республикасында, Әзірбайжанда ұйымдастыруға қатыстым. Қазір ЖОО-да

Қазақстанда 2000 жылдан бастап заман талабына байланысты жаңадан «Актuariй» мамандығы пайда болды. Актuariйлар – математика, статистика, экономика, демография, ықтималдық теориясы мен қаржы нарығында теориялық және қолданбалы дағдыларды меңгерген, дайындықтан өткен аналитиктер, жан-жақты мамандар. Бұл аналитикалық және практикалық білімдер кездейсоқ әлеуметтік факторларды ескере отырып, қаржылық модельдеу үшін қолданылады. Ол ұжымдық қаржы институттарының экономикалық және әлеуметтік проблемаларын болдырмауға, алдын алуға және шешуге мүмкіндік береді. Жиналған статистика негізінде компьютерде бағдарламаланған математикалық модельдердің көмегімен актуарийлар тәуекелді басқару әдістерін кеңінен қолдана отырып, таяу және ұзақ мерзімдік қаржылық болжамдар жасайды. Басқаша айтқанда, актуарийлар топ-менеджерлерге алдағы уақытта болуы мүмкін тәуекелдердің салдарына аналитикалық негіздемемен мен баға береді. Кейбір жобалар сәтсіздікке ұшыраған жағдайда актуарийлар ол проблемадан неғұрлым аз шығынмен құтылудың практикалық шешімін ұсынады.

Қазақстанда «Актuariйлық математика» мамандығы бойынша студенттер мен магистранттарды даярлау Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті базасында 2018 жылдан басталды. Осы факультеттегі Іргелі математика кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, еліміздегі актуарлық курстарды ұйымдастырушылардың бірі, физика-математика ғылымдарының докторы Мирболат Сиховпен кездесіп, жаңа мамандық туралы әңгімелескен едік.

гізінде «Актuariйлық математика» мамандығы ҚР БҒМ мемлекеттік тізіліміне енгізілді және ЖОО-лар осы мамандық бойынша болашақ актуарийларды даярлай бастады.

– Бұл мамандық негізінен экономика саласына бағытталған ғой. Актuariйларды басқа қандай ЖОО-лар даярлайды?

– Соңғы жылдарда елімізде актуарий мамандарын даярлау мүлде тоқтатылды деуге болады. Сол себепті бүгінгі күні сақтандыру нарығында кадрлардың жетіспеушілігі қатты сезіледі. Өкінішке қарай, сақтандыру компаниялары үшін актуарий мамандарын Қазақстанда бірде-бір жоғары оқу орны мақсатты түрде даярламайды. Жоғары оқу орындарында осындай пәнді енгізу үшін тиісті теориялық оқу базасын, оқытушыларды дайындау керек, ал ол ұзақ уақытты талап ететін, бірнеше жылға созылатын кезең. Сондықтан қазір болашақ актуарийларға жоғары оқу орындарында базалық математикалық білім алып, қосымша актуарлық курстарда оқыту тиімді. Бүгінде бұл мамандыққа тек ҚазҰУ ғана даярлайды. «Актuariйлық математика» мамандығы бойынша студенттерді басқа елдерде университеттердің математика факультеттері базасында даярлайды. Мысалы, Ресейде «Актuariйлық математика» мамандығы бойынша студенттерді Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің механика-математика факультеті оқытады.

– Актuariй мамандығын толық меңгеріп, жақсы жұмысқа түру үшін студенттерге нені үйрену керек?

– Актuariй маманның бойында математикалық есептерді шығару, жүйелі ойлау қабілеті, аналитикалық ой-өрісі болуы шарт, сондай-ақ сандық ақпараттың өте көлемді ағынымен жұмыс істей білуі қажет. Мықты актуарий болу үшін алдымен жақсы математик болу керек. Студенттерге айтарым, оқуға үнемі ынталанып, өз деңгейін көтеріп отыру керек. Егер жұмысқа орналасу проблема болса, онда бірінші кезекте адамның өзі кінәлі. Жақсы жалақы алғың келсе – соған сәйкес білікті болуың керек, ұдайы оқу керек. Қазіргі әлем үнемі өзгеріп отырады, оның талаптары мен қажеттіліктеріне адам бейімделіп отыруы өте маңызды.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ

Национальное духовное возрождение – основа взаимопонимания и мира

В современном мире межэтническое и межконфессиональное согласие является основой стабильности и мира. За тридцать лет своей независимости Казахстан прошёл очень большой путь.



Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелевич Токаев неоднократно говорил: «В настоящее время существует множество вызовов, которые могут поставить под угрозу межнациональную солидарность. В этих условиях мы должны укреплять общенациональное единство».

Большую работу по формированию межкультурной коммуникации проводят преподаватели кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев КазНУ им. Аль-Фараби. Иностранцы студенты из разных стран, которые учатся на факультете довузовского образования КазНУ, попадают в среду казахстанского общества. Они изучают казахский и русский языки, знакомятся и общаются с казахстанскими студентами, преподавателями и другими людьми. Чтобы понимать жизнь людей в Казахстане, адекватно воспринимать происходящие события, студенты-иностранцы изучают историю Казахстана, знакомятся с достижениями страны, её духовными и культурными ценностями, узнают самобытность казахов, их отношения с другими народами.

В современном мире происходят конфликты, непонимание, разобщённость. Недавние январские события – террористические выступления – требуют тщательного анализа не только политиков, но и всего общества. Преподаватели должны воспитывать у студентов стремление к миру, добру, справедливости и согласию. Межкультурная коммуникация, качественное образование, чтение классической литературы формируют у студентов правильное отношение к мировым реалиям. Преподаватели объясняют студентам, что только взаимопонимание, взаимопонимание выстраивают гармонию и стабильность в обществе, не только внутри страны, но и в отношениях с другими странами.

Преподаватели кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев проводят большую воспитательную работу: организуют конференции, олимпиады, кураторские часы, встречи с известными людьми, концерты. Все эти виды деятельности помогают студентам лучше узнать друг друга, понять и осознать парадигму общечеловеческих ценностей, которые являются основой мира и добра. Студенты-иностранцы приезжают в Казахстан с большим желанием узнать страну, познакомиться с разными людьми, получить качественное высшее образование. Многие студенты-иностранцы, окончив университет, продолжают жить в Казахстане, работают на разных предприятиях.

Богатая культурная жизнь Казахстана: театры, музеи, художественные галереи – развивает студентов духовно. Межкультурная коммуникация раскрепощает молодых людей, способствует взаимопониманию и взаимопониманию. Иностранцы встречаются с казахстанскими студентами, общаются, обмениваются знаниями, рассказывают о своих странах. Хорошая воспитательная работа преподавателей: их контакты со студентами, терпение, увлекательные беседы, совместные обсуждения новостей, книг, фильмов – приносят свои плоды. Студенты учатся с большим желанием, обогащаются духовно и культурно, становятся проводниками мира, добра, толерантности.

Хочется пожелать преподавателям кафедры дальнейшей успешной работы, а Казахстану – счастья и процветания!

Е.ИГНАТОВА,
к.ф.н., доцент
кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования

Создается локальное отделение UNISEC-Kazakhstan

Группа ученых кафедры механики по направлению «Космическая техника и технологии» под руководством профессора Ракишевой Зауре Баяновны приняли участие на семинаре локального отделения UNISEC.

UNISEC является международной некоммерческой неправительственной организацией, которая занимается содействием и продвижением практической космической деятельности на университетском уровне, такой как проектирование, разработка, производство, запуск и эксплуатация микро/нано/пикоспутников

и ракет, включая полезные нагрузки. В данную организацию входят университеты, университетские группы, академические и образовательные организации.

Цель данного семинара заключалась в создании ресурса для всех локальных отделений по всему миру, ознакомление с историей UNISEC-Japan, принципами управления и примерами того, как продвигать деятельность отделений. Профессор Токийского Университета Шиничи Накасука рассказал про создание и развитие организации UNISEC в Японии. Также выступил профессор Университета Технологии Кюсю Джордж Маеда с докладом о создании космического потенциала в Японии одним университетом. Кроме того, рассматривается возможность создания локального отделения UNISEC-Kazakhstan и координатором данной программы была назначена Ракишева З.Б. Создание локального отделения позволяет развивать инженерное направление и повысить уровень подготовки высококвалифицированных инженерных кадров.

На семинаре приняли участие (онлайн) 68 участников из Японии, Казахстана, Турции, Кореи, Тайваня, Чили и Кении.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Культ знаний, самореализация и свобода

«Опора динамического общества» – так описал молодежь немецкий социолог Карл Мангейм, и не ошибся. Молодежь – это не только ресурс конкурентоспособности и развития любого государства, но и показатель его процветания и значимости на мировой арене. В 2021-м году численность молодежи в Республике Казахстан составила 20,4% от общего населения или около 4-х миллионов человек в числовом эквиваленте. Поколение, родившееся и выросшее в эпицентре серьезных политических, социальных и экономических изменений, сегодня является основной движущей силой и законодателем тенденций современного общества. У этих молодых людей свой взгляд на все, они способны фильтровать информацию, критически мыслить, имеют собственные непоколебимые позиции и ценности, они амбициозны, талантливы и независимы.

Современная казахстанская молодежь в процессе своего развития всецело отходит от закостенелых, «правильных» жизненных шаблонов что в вопросе общения, что в вопросе пунктов самореализации. Наиболее ярко это раскрывается в сфере образования и трудоустройства. Молодые казахстанцы отошли от принципа «одна профессия на всю жизнь». Они не ограничивают себя, стремясь к новым знаниям и навыкам, чему способствовало развитие интернета и открытого доступа к информации. Увеличение инвестиций в самого себя стало одной из ведущих ценностей современной молодежи Казахстана. Они больше не хотят обеспечивать себя исключительно посредством тяжелого труда, а выбор творческих профессий и занятие творчеством в целом постепенно перестает быть чем-то несерьезным. Стереотип, касающийся необходимости поиска «нормальной работы» постепенно изживает в себя: молодые парни и девушки все больше стремятся к популярности посредством социальных сетей, желают войти в число инфлюенсеров и иметь влияние, что станет для них источником финансового благополучия. Как уже было сказано ранее, молодежь не ограничивается званием дипломированного специалиста в какой-либо одной области: не менее четверти юношей и девушек получают дополнительное образование, как посещая высшие учебные заведения и образовательные центры, так и пользуясь преимуществами цифровой эпохи, обретая новые знания посредством интернет-ресурсов. Параллельно растет число молодых исследователей, ученых, вносящих большой вклад в развитие Казахстана. Кроме того, они расширяют свои горизонты, продвигая страну уже на зарубежном рынке.

В число ценностей современной молодежи Казахстана также вошел здоровый образ жизни. Заниматься спортом стало модно: по-



ловини делают это систематически, а около 9% из них практикуют и тем самым популяризируют национальные виды спорта. Молодежь не напугала даже пандемия. Мастерски подстроившись под изменившиеся жизненные условия, профессионалы и просто любители реализовали ряд идей – домашние тренировки, тренировки на открытом воздухе и всевозможные марафоны.

Открытость и смелость самовыражения – это еще одна ценность современной казахстанской молодежи. Она хочет замечать и быть замеченной. Это стало возможным посредством социальных сетей: молодые люди стремятся создавать интересный контент, быть в курсе и на связи, переквалифицировавшись из наблюдателей в деятели. Тем не менее, такие понятия как семья и дети, также остаются важными для молодых казахстанцев. Но и здесь уже принципиально другой подход – отношения и брак, основанный на любви и желании быть вместе, воспитание детей с позиции немного друга, а не родителя и немного наставника, но никак не «карателя». В этой связи также укрепляется любовь к национальной культуре и языку, осознание себя ее частью, возрастает желание войти в число продолжателей истории, формируется патриотизм.

Современная казахстанская молодежь более терпима, менее склонна к дискриминации и стигме. Юноши и девушки уважают и ценят личность, принимая во внимание достоинства и не заикливаясь на недостатках. Они уважают личные границы, не стремятся осмеять, открыты к диалогу и готовы помочь, что представляет собой отличный пример для старших поколений. Кроме того, молодые казахстанцы прилагают ряд усилий для уничтожения

гендерных стереотипов, что немаловажно в условиях трансформирующейся реальности. Они понимают, что это будет непросто, но не отступают, что еще больше укрепляет их позиции в качестве значимых членов постиндустриального общества.

Так или иначе, несмотря на тернистый путь к самореализации и совершенству, современная казахстанская молодежь не отступает от намеченных целей. Они довольны своей жизнью и демонстрируют положительный настрой на будущее, проявляя к нему неиссякаемый интерес. Молодые казахстанцы верят в свои возможности и знают, что им нужно для того, чтобы быть полезными, нужными обществу и своей стране в целом. Они – носители перемены, генераторы новых идей со своей непревзойденной программой, социальными и экономическими нововведениями, свободой и бесстрашием в отношении вопроса влияния и самовыражения. Они готовы идти вперед и преодолевать невозможное, что несомненно внесет значимый вклад в развитие Казахстана.

Анеля РЫМХАНОВА,
докторант 3 курса
факультета философии и политологии
кафедра социологии и социальной работы

Ұлттық университетте Наурыз апталығы өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Наурыз апталығы аясында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды. Көрісу күнінен басталған ұлық мереке әрі қарай әдемі жалғасын тапты. Шежіре күнінде Әл-Фараби кітапханасында «Наурыз: дәстүр және жаңғыру» атты ғылыми-тәжірибелік конференция мен Этнографиялық көрме өтті. Ал «Студенттік көктем» байқауы жастарды жігерлендіріп, бар өнерін көпшілік алдында паш етуге үлкен мүмкіндік тудырды. Осылайша әрбір атаулы күн өз деңгейінде жоғары деңгейде атап өтілді.

Апталық көрісуден басталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көктемнің келуіне орай, Наурыз мейрамына тән Көрісу күнін сән-салтанатпен ұйымдастырды.

Ел арасында «Амал мерекесі» деп аталатын Көрісу күні бүгінде ұлттық салт-дәстүрді жаңғырта отырып, жаңарған сипатта атап өтілуде. Осы күні қазақ даласында мал басы түгенделіп, ел-жұрт бір-бірін жылы, жақсы күндердің басталуымен құттықтаған. Бұл күні ағайын-туыс, дос-бауыр қол алысып, құшақтасып, «Бір жасың құтты болсын!» деп көрісіп, амандасқан.

Осынау айтулы күнде адамдар бір-біріне жылы шырай танытып, реніштерін кешіріп, мерекелік киім киіп, дастархан жайып, сыйлық беруді дәстүрге айналдырған.

Ата-баба дәстүрін жалғап, дәріптеу мақсатында қара шаңырақ ҚазҰУ-да Наурыз апталығы аясында мерекелік іс-шаралар өтті. Көрісу күнін мерекелеу салтанатында театрландырылған қойылым көрсетіліп, жиналған қауымға Қыдыр ата бата беріп, денсаулық, бейбітшілік пен жақсылық тіледі.



ҚазҰУ-дың талантты жастары концерттік бағдарлама ұсынып, ұлттық нақыштағы ән-күйді әулетті.

Мерекелік кеш тұсаукесер рәсімінен басталды. Одан әрі мерекеге қатысушылар «Қосалқа» биін орындаған «Бақыт» студенттік шоу-балетінің өнерін тамашалады. «Фараби сазы» халық аспаптар ансамблі Дәулеткерейдің «Көроғлы» және Құрманғазының «Адай» күйлерін орындады.

Вокалды таланттармен көрермендерді филология факультетінің 3-курс студенті Фанибет Есетова, АРТ-орталықтың орындаушылары және география және табиғатты пайдалану факультетінің 3-курс студенті Әсел Шопан қуантты. Қобызшылар дүзті «Іңкәрім-ай» шығармасын орындады. ҚазҰУ қалашығы мерекелік көңіл күйге бөленді.

Мерекенің жалғасы ретінде қонақтар «Жастар ауылы» киіз үйіне бас сұғып, наурызкөже мен өзге де ұлттық тағамдардан дәм татты. Жастар «Қара жорға» биін флешмоб өткізіп, тоғызқумалақ, қол күресінен жарысқа түсті.



Құндылықтар зерделенді

Апталық аясында «Наурыз: дәстүр және жаңғыру» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шараға отандық тарихшы, этнолог, археолог, музейтанушы ғалымдар, мемлекеттік және қоғамдық ұйым өкілдері мен білім алушы жастар қатысты.

Жиылған көпшілік алдымен қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салтын насихаттайтын көрме жұмысымен танысып, дәстүрлі тағамдар жәрменкесінде наурызкөжеден дәм татты. Сонымен қатар мерекелік іс-шара қонақтарына зергерлік өне-



рінен шеберлік сағаты өткізілді. Конференцияны ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы

Меңдігүл Ноғайбаева ашып, Наурыз мейрамының мәні мен маңызына тоқталды.

«Студенттік көктем-2022»

Университетте «Студенттік көктем-2022» шығармашы жастар фестивалі өз мәресіне жетті. Жыл сайынғы дәстүрлі сайыста ең креативті, жарқын және талантты қатысушылар анықталып, қорытындысы шығарылды.

Биылғы фестивалде студенттер заманауи күрделі музыкалық-сахналық жанр – мюзикл бойынша өздерінің вокалды, театрлық және хореографиялық өнерлерін көрсетті. «Менің мамандығым – менің болашағым!» шығармашылық тақырыбы қатысушыларға шабыт сыйлады.

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен шарада жеңіс үшін күресте барыншасы мен жігерін салуға жиналған финалист жастар декандардың, студенттердің, куратор-эдвайзерлердің басшылығымен барлық іріктеу кезеңдерінен сәтті өтті. Би, вокал және эстрада, аспаптық музыка, театр көріністері, музыкалық өнердің барлық



бағыттары 10 минуттық қойылымда қамтылуы тиіс.

Командалардың өнерін белді қазылар алқасы бағалады.

Кеш соңында фестиваль жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болды. Барлық командалар жарқырап, өзіндік ерекшелігін, креативтілігі мен күш-қуатын өнермен лайықты көрсетті. Нәтижесінде фестивальдің бас жүлдесіне механика-математика факультетінің командасы ие

болды, 1-орынды география және табиғатты пайдалану факультеті, 2-орынды филология факультеті, 3-орынды химия және химиялық технологиялар факультеті иеленді. «Студенттік көктем-2022» фестивалінің жеңімпаздары бағалы сыйлықтар мен дипломдарға ие болды. Ең бастысы – өмірге деген махаббат пен алға деген ұмтылыс.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!

Бейінді мектеп балалары мерекеге атсалысты

Наурыз апталығы аясында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Бейіндік мектебінің ұйымдастыруымен «Қош келдің, Әз Наурыз!» атты мерекелік шара өтті.

Салтанатты жиын дәстүрлі Қыдыр ата батасымен басталды. Мектеп өнерпаздары «Тойбастар», «Қара жорға» биін билеп, ұлттық салт-дәстүрлерді ұлықтаған көріністер көрсетті.

Шарада мектеп директоры Ботагөз Күлжанова құттықтау сөз сөйлеп, Наурыздың елге, әрбір отбасыға құт-береке әкелуіне тілектестік білдірді.

Мерекелік шарада ұлттық ойындар жарысы ұйымдасты-



рылып, «Наурыз ауылы» киіз үйлер байқауы өтті. Мәдени құндылықтарымызды ұлықтаған киіз үйді безендіру, үздік дәстүр, ұлттық тағамдар мен киімдер бай-

қауы да көптің көңілінен шықты. Жиылған көпшілік наурызкөжеден дәм татып, мереке мектеп оқушыларының ән шашуына ұласты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.